

**Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы есебі**  
**Қарағанды техникалық университетінің қарамағындағы философия докторы**  
**дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық**  
**кеңесі (Ph.D.), 6D072900 «Құрылыс», 6D073000 «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын**  
**және конструкцияларын өндіру» бағыттары арқылы доктор бейіні бойынша кадрлар**  
**дайындау**

Диссертациялық кеңеске 6D072900 «Құрылыс», 6D073000 «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру» кадрларды даярлау бағыттары бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген. ҚарТУ Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде 30.11.2021 ж. диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде т.ғ.д., профессор Нугужинов Жмагул Смагулович тағайындалды.

**Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:**

**1. Өткізілген отырыстар саны.**

«Құрылыс», «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын мен конструкцияларын өндіру» диссертациялық кеңесі өз жұмысы барысында, қорғауға жіберу және рецензенттерді тағайындау туралы шешіммен, қорғау күніне дейін бір айдан кешіктірмей, алдағы қорғау туралы хабарлау қажеттілігін ескере отырып, 2 (екі) отырыс өткізді. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері оның жұмысына белсене қатысты.

**2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).**

Жоқ.

**3. Оқу ұйымы көрсетілуімен докторанттардың тізімі.**

№	Т.А.Ә.	Оқу ұйымы
1	Дуйсенбеков Болат Камбарович (30.04.2021 г. қорғауы өтті)	М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университеті (М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ.)
2	Моминова Сауле Махмудовна (30.04.2021 г. қорғауы өтті)	М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университеті (М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ.)

**4. Келесі бөлімдерді бөліп көрсете отырып, есептік жыл ішінде кеңес қарастырған диссертацияларға қысқаша талдау:**

Диссертациялық кеңесінің жұмысы барысында кадрларды даярлау бағыттары бойынша 2 (екі) жұмыс қарастырылды: 6D072900 «Құрылыс» - 1 (біреу), 6D073000 «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын мен конструкцияларын өндіру» -1 (біреу). Кадрларды даярлау бағыттары бойынша диссертациялық жұмыстардың атауы төменде келтірілген:

Т.А.Ә.	Жұмыстың тақырыбы	Мамандық шифры
Дуйсенбеков Болат Камбарович	«Жылжымалылықтың қисық сызықты теңдеулері негізінде еңкішті жабын қабықшаның кернеулі-деформацияланған күйін зерттеу»	6D072900 - «Құрылыс»
Моминова Сауле Махмудовна	«Табиғи волластонитпен үйлестірілген фосфор шлагы, полиминералды құмдар негізіндегі газсиликатты бетондарды өндіру технологиясын жасау»	6D073000 - «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын мен конструкцияларын өндіру»



#### **4.1. Қарастырылған жұмыс тақырыбына талдау.**

Докторант Дуйсенбеков Болат Камбаровичтің диссертациялық жұмысы берілген тақырыпқа орындалған: «Жылжымалықтың қисық сызықты тендеулері негізінде еңкішті жабын қабықшаның кернеулі-деформацияланған күйін зерттеу». Докторант шетелдік ғылыми кеңесшімен Санжаровский Рудольф Сергеевичпен біріге отырып зерттеулер жүргізді. Санжаровский Рудольф Сергеевич – техника ғылымдарының докторы, Ярослав Мудрый атындағы Новгородтық мемлекеттік университетінің профессоры, Новгород қ. (РФ).

Диссертациялық жұмыстың мақсаты физикалық, геометриялық сызықтық емес және материалдың жылжымалықты деформациясын ескере және сандық есептеу әдістерін қолдана отырып, КДК-н нақтылау негізінде оң Гаусс қисықты дөңес темірбетон қабықтарын есептеудің жаңа әдісін жасау болып табылады.

Диссертацияның тәжірибелік маңыздылығы: «DELPHI-7» базасында әзірленген еңкішті қабықшаларды есептеу бағдарламасы мен зерттеу әдістемесі жобалау-конструкторлық ұйымдарда, оқу процесінде, ғылыми-зерттеу институттарында және мемлекеттік сараптамаларда қолданылуы мүмкін; материалдардың нақты қасиеттерін ескере отырып, еңкішті қабықшаларды есептеу көтергіш конструкцияларды 7% - ға дейін үнемдеуге және материалдың физикалық пен геометриялық қисық сызықты қасиеттері мен жылжымалықты ескере отырып, құрылымдардың құнын 4-6% - ға төмендетуге мүмкіндік береді; әзірленген әдістеме және оның негізінде жасалынған бағдарлама қисық сызықты жылжымалықты ескере отырып, бағалау есебін жылдам жүргізуге мүмкіндік береді

Докторант Моминова Сауле Махмудовна диссертациялық жұмысы берілген тақырыпқа орындалған: «Табиғи волластонитпен үйлестірілген фосфор шлагы, полиминералды құмдар негізіндегі газсиликатты бетондарды өндіру технологиясын жасау». Докторант шетелдік ғылыми кеңесшімен Ким Чун Хомен біріге отырып зерттеулер жүргізді. Ким Чун Хо – доктор PhD/P.E., Джунг-Бу университетінің профессоры (Сеул қ., Корей Республикасы).

Диссертациялық жұмыстың мақсаты табиғи волластониттің дисперсті армирлеу талшықтарымен үйлестірілген фосфор шлагын, полиминералды құмдарды қолдана отырып, газсиликатты бетондарды өндіру технологиясын жетілдіру және оның құрамын жақсарту болып табылады.

Диссертацияның тәжірибелік маңыздылығы: электротермофосфорлы қалдықтарды байланыстырғыш ретінде қолдана отырып жасалған автоклавты газ силикатты бетонның технологиясы ұлттық экономикалық маңызы бар маңызды мәселелерді шешеді, атап айтқанда, көп тонналы қалдықтарды жою арқылы аймақтағы экологиялық жағдайды жақсартады, қоқыстарды тиісті санитарлық жағдайда ұстауға жұмсалатын шығындарды азайтады, сонымен қатар ұялы газсиликатты бетонның құнын төмендетеді. Полиминералды құмды кремнийтопырақты компонент ретінде пайдалану ұнтақтауға жұмсалатын электр қуатының шығындарын азайтады және құрылыс индустриясының шикізат базасын кеңейтеді. Автоклавты газ силикатты бетонның дайындалған технологиясы құрылыс индустриясының қалалық және ауылдық объектілерінде цехтар салуға және оларды пайдалануға жұмсалатын қаржы көлемін төмендетте отырып кеңінен қолданыла алады.

**4.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарамағындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес диссертациялар тақырыбының ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.**

Дуйсенбеков Болат Камбаровичтің диссертациялық жұмысы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ҒЗЖ жоспарына Б-16-04-13 «Әр түрлі жүктемелер мен әсерлер кезінде әртүрлі құрылымдық схемадағы азаматтық ғимараттардың жұмысын зерттеу» сәйкес орындалды. Жұмыс «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «2-міндет. Өндірістік инфрақұрылым мен туристік инфрақұрылымды дамыту. Сәулет, қала құрылысы және құрылысты жетілдіру



шаралары» бағытына сәйкес жүзеге асырылды. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 1030 қаулысы).

Моминова Сауле Махмудовнаның диссертациялық жұмысы 2012 жылғы 13 қаңтардағы №541-IV Заңы «Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру туралы», «Нұрлы Жер» тұрғын үй-коммуналдық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалды.

#### **4.3. Диссертациялардың нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Дуйсенбеков Болат Камбаровичтың зерттеу нәтижелері «V International Scientific practical conference «Industrial technologies and engineering»» (Шымкент, Қазақстан Республикасы), «Бъдещето въпроси от света на науката-2018» XIV Халықаралық ғылыми - практикалық конференциясында (София, Болгария), «Әуезов оқулары – 16: Төртінші өнеркәсіптік революция» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Шымкент, Қазақстан Республикасы) секілді халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалып және талқыланды. «Білім беру сапасын арттыру, ғылым мен өндірістегі заманауи инновациялар 2018» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Екібастұз, Қазақстан Республикасы) жарық көрді.

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 9 ғылыми жұмыста, оның ішінде Scopus / Web of Science деректер базасына кіретін журналда – 1 мақала, ҚР білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда – 4 мақала, халықаралық конференция материалдарында – 4 тезис, оның ішінде шетелдік конференция материалдарында – 1 мақала жарияланды.

Ғылыми нәтижелер М.Әуезов атындағы ОҚУнің «Құрылыс құрылымдары бойынша арнайы курсы» пәнінің дәріс кешенінің оқу үдерісіне енгізілді. Материалдың қисық сызықты жылжымалығын ескере отырып, еңкішті қабықшаларды есептеу бағдарламасы «Қазақ құрылыс және сәулет ғылымизерттеу және жобалау институты» АҚ-да, «Отан Строй» ЖШС жобалау ұйымында және Түркістан облысының құрылыс басқармасында енгізілді. Автор сонымен қатар пайдалы модельге патент беру туралы оң қорытынды алды (тіркеу нөмірі 2020 / 0983.2, 04.11.2020 ж.).

Моминова Сауле Махмудовнаның жұмыстың нәтижелері ғылыми-техникалық журналдар мен халықаралық ғылыми-техникалық конференцияларда жарияланды. Басты ғылыми және технологиялық нәтижелер баяндалып, оң бағасы алынды, атап айтқанда: Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың 120-жылдығына арналған «Әуезов оқулары – 15: Қазақстанның үшінші жаңғыруы – Жаңа концепциялар мен заманауи шешімдер» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияда (Шымкент қ. 2017, ОҚМУ); - «Veda a Technologie: Krok Do Buoucnosti – 2019» атты 15 халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияда (Прага, 2019); - «Найновите постижения на европейската наука – 2019» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияда (София, 2019); - «Қазақ бас сәулет құрылыс академиясы» ғылыми журналында (Алматы қ. 2019); - ҚазҰТЗУ Хабаршысы ғылыми журналында (Алматы қ., 2019); - «Қазақстан өнеркәсібі» журналында (г. Алматы, 2019) - Web of Science Core Collection және Scopus базасына кіретін басылымдардың тізіміндегі ISSN:1346-8014 «Journal of Advanced Concrete Technology (Japan)» журналында.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері 9 басылымдарда жарияланған, оның ішінде Web of Science Core Collection және Scopus базасына кіретін басылымдардың тізіміндегі журналда 1 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізімінен алынған журналдарда 4 мақала, халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарында 4 мақала, оның ішінде шетелдік ғылыми тәжірибелік конференция материалдарында 2 мақала, сондай ақ, пайдалы модельге берілген 1 патент беру туралы шешім алынды



Диссертациялық жұмыстың нәтижелері электртермофосфорлы қалдықтар мен полиминералды құмдарды ұсақ етіп ұнтақталған табиғи волластонитпен үйлестіре отырып жасалған газ силикатты бұйымдарды шығаруға мүмкіндік береді. «Алтын Тастақ» ЖШС кәсіпорнында өндіріске және Оңтүстік Қазақстан университетінің оқу процесіне енгізілген. «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру» мамандығы бойынша бакалаврлар мен магистранттар даярлауда.

#### 5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз пікірлер мысалдарымен).

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторанттың диссертациялық жұмысының рецензенттерін диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережесінің талаптарына сәйкес адамдар тағайындалды. Тағайындалған рецензенттер туралы мәліметтер төменде келтірілген:

№	Докторант	Рецензенттер	
1.	Дуйсенбеков Болат Камбарович	Сахи Дуйсен Мирзахметович – техника ғылымдарының докторы, «Сәулет және дизайн» кафедрасының профессоры, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.	Наурузбаев Кабдуллагазы Аренович – техника ғылымдарының докторы, «Көлік құрылысы және құрылыс материалдарын өндіру» кафедрасының профессоры, Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты, Алматы қ.
2.	Моминова Сауле Махмудовна	Сартаев Даулет Турысович – техника ғылымдарының кандидаты, «Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (Алматы қ.).	Қаршыға Ғалымжан Орынбасарұлы - техника ғылымдарының кандидаты, «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасының академиялық доценті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қ.).

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы Үлгілік ереже талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында әрбір рецензентке мазмұны және диссертациялық жұмысқа пікірді ресімдеу жөніндегі талаптары бар жадынама жолданды.

Рецензенттер диссертациялық жұмысқа өз пікірлерін ұсынылған тармақтарға сәйкес, белгіленген мерзімде ұсынды. Теріс пікірлер болған жоқ.

Рецензенттер: т.ғ.д., профессор Сахи Д.М., т.ғ.д., профессор Наурузбаев К.А., т.ғ.к., ассоциированный профессор Сартаев Д.Т., т.ғ.к. Қаршыға Ғ.О. диссертациялық жұмыстарды бағалау кезінде өз кәсібилігін көрсетті. Диссертациялық жұмыстарды рецензиялау сапасы қанағаттанарлық. Рецензенттер жұмыстың өзектілігін, оның ғылыми жаңалығын, практикалық маңыздылығын және басқа да жағымды жақтарын атап өтті. Сондай-ақ, жұмыс бойынша кемшіліктер мен ескертулер атап өтілді. Рецензенттердің жұмысына ескертулер жоқ.

#### 6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Пайдалы модельге арналған патенттерді (олар бойынша оң шешімдерді қоса алғанда) КОКСОН ұсынатын басылымдар тізбесіне қосуды ұсынамыз.

7. Кадрларды даярлау бағыттарындағы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялардың саны:

Диссертациялар	Кадрларды даярлау бағыты 6D072900 «Құрылыс»	Кадрларды даярлау бағыты 6D073000 «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын мен конструкцияларын өндіру»
1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	1	1
2) қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	-	-
3) рецензенттерден (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) теріс пікірлер алынған диссертациялар	-	-
4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	-	-
5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	-	-
6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	-	-

«Құрылыс», «Құрылыс материалдарын,  
бұйымдарын мен конструкцияларын өндіру»  
диссертациялық кеңесінің төрағасы

«Құрылыс», «Құрылыс материалдарын,  
бұйымдарын мен конструкцияларын өндіру»  
диссертациялық кеңесінің ғылыми хатшысы

